

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

**1 СЕКЦИЯ: ПРОФЕССОР А.А. МОЛДАЖАНОВА ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ**

**1 СЕКЦИЯ: ПРОФЕССОР А.А. МОЛДАЖАНОВА И РАЗВИТИЕ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

ӘӨЖ 378.1

**ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ТРАНСВЕРСАЛДЫ
ДАҒДЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЫ**

Асылбекова М.П.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Сейітқазы П.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Отарова Т.Н.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

AP14870088 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Инновациялық технологиялар қоғам мен білім беру саласына үлкен өзгерістерді алып келді, бұл жағдай білім беру саласына да өз әсерін тигізді. Қоғамда жаңа білім мен дағдыларға ие, заманауи өзіндік көзқарастары бар, үздіксіз білім алуға дайын және ХХІ ғасыр құзыреттіліктерімен қаруланған сауатты мұғалімдерге деген сұраныс арта түсті.

Трансверсалды дағдылар немесе жұмсақ/soft дағдыларды дамыту мәселесі қазіргі заманғы әлемдік еңбек нарығына табысты интеграциялану үшін болашақ мамандарды дайындайтын оқу орындарының алдында тұрған міндет.

Трансверсалды дағдылар ХХІ-ғасырдың дағдылары ретінде танылуда, сондай-ақ, азаматтардың еңбек нарығында табысты және бәсекеге қабілетті болуы, жауапкершілікпен қоғамға үлес қосуы үшін қажет [1].

ХХІ ғасыр мұғалімдері еңбек нарығының жаңа қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыру үшін білімді, болжағыштық қасиетке ие, бейімделгіш, жан-жақты және практикалық тәжірибесі болуы керек.

Трансверсалды дағдылар – болашақ мұғалімдерге әртүрлі білім мен жағдайлардағы қажеттіліктерге және өзгертін талаптарға бейімделу қабілетін бере отырып, олардың білімі мен дамуын тұтас қабылдауын қолдайтын маңызды дағдылар, құндылықтар мен көзқарастар.

Білім беру саласындағы жиі кездесетін трансверсалды дағдылар қатарына: коммуникативті дағдылар, топтық жұмыс, өмір бойы білім алу, шығармашылық, ақпараттық және цифрлық сауаттылық жатады.

Трансверсалды дағдыларға арналған зерттеу әдебиеттеріне талдау жасау барысында бұл ұғымның бірнеше мағынада қолданылатынын байқадық: жұмсақ, ауыспалы, пәнаралық дағдылар, өмірлік дағдылар», «XXI ғасыр дағдылары» және «әлеуметтік-эмоционалды дағдылар» т.б.

1-Кесте

«Әлемдік білім беру кеңістігінде трансверсалды дағды» контент-талдау

P/c	Авторлар	Трансверсалды дағдылар	Дереккөздер
	Monica Tilea [2, 9-28]	Transversal Skills in Modern Teaching Practice	Румыния (University of Craiova, Romania)
	Patrick Murphy [2, 50-64]	Problem Based Learning and Transversal Skills: Decoding an Authentic Text Through Visualization	Норвегия (Nesna University College, Norway)
	Marian Siminică Anca Băndoi [2, 65-76]	A Teaching Approach on the Need to Develop Transversal Skills in Finance Students	Румыния (Румыния University of Craiova, Romania)
	Anne-Lise Wie [2, 65-76]	Working with Transversal Skills with Nature as the Learning Arena	Румыния (University of Craiova, Romania)
	Anca Tănasie [2, 85-109]	International Business: the Enhancement of Transversal Skills in International Contracting and Negotiation	Румыния (University of Craiova, Romania)
	Jón Freyr Johansson [2, 36-49]	Transversal Skills and Bifröst University. Practice vs Statements	Исландия (Bifröst University, Iceland).
	Oana-Adriana Duță [2, 29-35]	A Questionnaire-Based Approach of Transversal Skills in Romania, Norway and Iceland	Румыния (University of Craiova, Romania)
1	Andreia Antunes Moura Maria do Rosário Campos Mira, Vânia Natércia Costa [3,41-47]	Language and ICT skills developed before entering the labor market	Handbook of Research on Human Capital and People Management in the Tourism Industry, p.41-72 ,
	Duckworth and Seligman [4,20]	Transversal skills teach individuals to self-regulation, empathic tolerance, perseverance, adaptability to change, self-confidence and high expectations for their future. It also shows the relationship between the social and emotional development of individuals and their commitment to learning, academic and professional activities	The-Future-is-Now-Transversal-Skills-in-Latin-America-and-the-Caribbean-in-the-21st-Century.pdf, 20p
	Angela Bailey, Nayibe Rosado,	A set of skills that students need to become a competent specialist and become a	Handbook of Research on Program

Lourdes Rey [5,87-108]	reliable and versatile professional in the future. In addition, these skills coincide with the skills of the 21st century.	Development and Assessment Methodologies in K-20 Education Copyright: © 2018 Pages: 22 DOI: 10.4018/978-1-5225-3132-6.ch005 87-108 (pages 87-108)
Izzy Crawford [6,178-204]	Versatile skills that are important and useful in any work environment.	Developments in Virtual Learning Environments and the Global Workplace Copyright: © 2021 DOI: 10.4018/978-1-7998-7331-0.ch010 178-204 (pages 178-204)
Monika Fischer, Tamás Halm, Tibor Koltay [7,99-120]	Skills that are generally considered irrelevant to a particular task, subject, or field of study, however, have a wide range of applications in a variety of contexts and settings.	Cases on Research Support Services in Academic Libraries DOI: 10.4018/978-1-7998-4546-1.ch005,(pages 99-120)
Roberto Pierdicca, Emanuele Frontoni, Maria Paola Puggioni, Eva Savina Malinverni, Marina Paolanti [8,229-261]	The student's ability to interpret information and process it using competencies acquired in other areas	Virtual and Augmented Reality in Education, Art, and Museums, DOI: 10.4018/978-1-7998-1796-3.ch012, (pages 229-261)

Трансверсалды дағдылар: «олар мұғалімдердің академиялық және әлеуметтік өзгешіліктерге тез бейімделуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, трансверсалды дағдылар, «ғажайып желім» деген атқа да ие, себебі, басқа да дағдылармен байланыса отырып, сауаттылық пен цифрлық дағдыларды және арнайы еңбек дағдыларын дамытады.

Трансверсалды дағдылар болашақ мұғалімдерге алған білімдерін оқыту үдерісінде қолдануға, білім алу барысында жауапкершілік алуға, білім мен тәжірибиені ұштастыруға себепкер. Аталмыш дағдылар келесідей компоненттерді құрайды: ынтымақтастық, шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, инновациялық ойлау және қиын мәселелерді шешу, цифрлық және ақпараттық сауаттылық, өзін-өзі дамыту дағдылары және т.б.

CEDEFOP (2013) өткізген «Еуропалық жұмыс берушінің біліктілік қажеттіліктерін» анықтау мақсатында жасалынған сауалнама қорытындысы негізінде жасалынған тізімде ұсынылған дағдыларды жұмыс берушілер мен

компаниялар трансверсалды дағдылар қатарына жатқызады. Бұл тізім «өзін-өзі ұйымдастыру және жоспарлау қабілеті, компания құрылымына әлеуметтік тұрғыдан ену қабілеті, үнемі үйрену, жаңа технологияларға бейімделу, бастама көтеру және белсенді және нәтижеге бағытталған, мәселелерді шешу және шешім қабылдау мүмкіндігі" сияқты дағдылардан құралған [9]

Дағдылар мен білім үлгілерін зерттеу үдерісі кеңінен зерттелген тақырыптардың бірі, алайда, соңғы уақытта, трансверсалды дағдылар көптеген зерттеулердің өзекті тақырыбына айналды.

Когнитивтік психологияның негізін салушы Ульрих Найзердің пікірінше, «адамның когнитивтік іс-әрекеті дағдыларды меңгеру қабілетінмен тығыз байланысты және тереңінен түсіндіріледі» [10].

Трансверсалды дағдыларға байланысты алғашқы баспа жұмыстарының бірі 1996 жылы жарық көрген, Бернард Рэйменнің еңбектері болды. Оның пікірінше, «трансверсалды құзыреттіліктер, бірқатар жағдайлардың оңтайлы шешімін таба алатын әмбебап аспап» [11].

Сондай-ақ, Рэй «адам өзінің трансверсалды құзыреттіліктері арқылы жағдайға мән беретінін түсіндіре келе, нәтижесінде, трансверсалдылық субъектінің оларға берген жалпы мағынасымен біріктірілген бірнеше жағдайлар арасында іске асатын бір мезгілде сипаттауға болатынын қарастырған».

Бернард Рэй сонымен қатар трансверсалды құзыреттілікті төрт тобы бар екенін анықтаған: [12].



Сурет-1. Трансверсалды құзыреттілік топтары

Осы тақырып төңірегінде, көптеген зерттеушілер түрлі анықтамалар ұсынған.

ЮНЕСКО ұсынған анықтама бойынша, "трансверсалды дағдылар - бұл әдетте жұмысқа, тапсырмаға, академиялық тапсырмаға байланысты емес деп саналады. Алайда, пән немесе білім саласы және әр түрлі жағдайларда және еңбек жағдайларында қолдануға болатын дағдылар ретінде қарастырылады. (IBE 2013). Бұл дағдылар студенттерге өзгерістерге сәтті бейімделуге және мағыналы және өнімді өмір сүруге деген сұранысты арттыруда".

Трансверсалды дағдының құрылымдары (UNESCO (Bangkok) 2014, Asia Pacific) [13]

Сын тұрғысынан және инновациялық ойлау
Тұлғааралық дағдылар (мысалы, таныстыру және коммуникация дағдылары, ұйымдастырушылық дағдылар, командалық жұмыс және т.б.)
Ішкі тұлғалық дағдылар (мысалы, өзін-өзі реттеу, ынта, табандылық, өзін-өзі ынталандыру және т.б.)
Жаһандық азаматтық (мысалы, төзімділік, ашықтық, әртүрлілікті құрметтеу, мәдениетаралық түсіністік және т.б.)
Ақпаратты табу және оған қол жеткізу, сондай-ақ талдау мүмкіндігі сияқты
БАҚ және ақпараттық сауаттылық және медиа мазмұнын бағалау

Борис Минчевтің пайымдауынша, «шын мәнінде, жалпы интеллект трансверсалды болып келеді, яғни, ол дағдының құрылымы емес, дағдыны қалыптастыру мүмкіндігі болып табылады» [14].

Трансверсалды дағдылар екі компонентке бөлінеді:

1. Өзін-өзі басқаруды, жоспарлауды және ұйымдастыруды, басқалармен жұмыс істеуді, мәселелерді шешуді, бастамашылдық пен іскерлікті және оқу қабілетін қамтитын «жеке және тұлғааралық дағдылар»;

2. Коммуникативті дағдыларды, есептеулерді қолдану, яғни, «еңбек дағдылары».

Аталмыш дағдыларға тек «трансверсалды» деген ұғымғана қолданылмайтындығын жоғарыда көрсетіп кеткен болатынбыз, сонымен қатар, кейбір зерттеу еңбектерінде «негізгі», «ядролық» немесе «жалпы» дағдылар деген атауларын да кездестіруге болады.

Мысалы, Tuning project-нің зерттеу жұмыстарында трансверсалды дағдыларды жалпы/generic дағдыларқатарына жатқызады [3]:

- *Инструменталды дағдылар/Instrumental skills*: танымдық, әдістемелік, технологиялық және лингвистикалық қабілеттер;

- *Тұлға аралық дағдылар/Interpersonal skills*: әлеуметтік дағдылар (әлеуметтік өзара әрекеттесу және ынтымақтастық) сияқты жеке дағдылар;

- *Жүйелік дағдылар/Systemic skills*: бүкіл жүйеге қатысты дағдылар мен құзыреттер (жеке тұлғаға жүйенің бөліктерінің қалай көрінетінін көруге мүмкіндік беретін түсіну, сезімталдық және білімнің үйлесімі бүтіндей байланыстырып, топтасады).

Берілген жіктеу трансверсалды дағдылар қатарын құрайды, себебі, олар түрлі кәсіби контексттерде қолданылады және әртүрлі салалардағы мамандар қолданады.

Осы тақырып төңірегінде жазылған ақпараттарды саралай келе, болашақ мұғалімдердің өз кәсібін меңгеруіне қажетті құзыреттер жиынтығын келесідей деген тұжырымға келдік: ұжымда яғни, топта жұмыс істей білу, тиімді қарым-қатынас жасау, жаңа идеялар мен шешімдерді құру, өмір бойы білім алу

Өскелең, жас ұрпақты ХХІ ғасырда табысты өмір сүруге дайындау үшін, мұғалімнің жаңа көзқарасы пен сенімділігін дамыту талап етілуде. Қазіргі таңда, болашақ ұстаздар тек пәндік білімдермен ғана шектеліп қалмай, бұл ақпаратты сын тұрғысынан бағалай білуге, оны бейімдеп өз мақсатына шығармашылықпен пайдалануға, басқалармен қарым-қатынас жасауға, өз уақытын басқаруға, топта бірлесіп жұмыс істеуге, келіссөздер жүргізуге және өз көзқарасын дәлелдеу қажеттілігі туындауда.

Болашақ мұғалімдер үшін, трансверсалды дағдылар жеке және кәсіби өмірдің әртүрлі салаларына ауыса алатындығынан өзіндік құндылығы бар болып келеді. Осылайша, жоспарлау, уақытты басқару немесе ауызша және жазбаша коммуникация сияқты дағдыларды пайдалану қызмет барысында әрекет ету ықтималдығымен оң және тікелей байланысты.

Қазіргі таңда, сұранысқа ие болып жатқан білім беру жүйесіндегі трансверсалды дағдылармен қаруланған мамандар бәсекеге қабілетті және кез-келген жағдайға тез бейімделе алулары қажет.

The Specific Eurobarometer Survey жүргізген арнайы сауалнамасы 417 білім беру саласындағы ең маңызды дағдыларға қатысты 28 мыңға жуық ЕО азаматтарының пікірін ұсынады, онда тіпті үштен бірі (30%) білім берудегі ең маңызды дағдыларды «әртүрлі жұмыс орындарында қолдануға болатын дағдылар, мысалы қиын мәселелерді шешу, басқалармен жұмыс істеу» т.б., деп көрсеткен болса, Lifelong Guidance Policy Network (EU) келесідей трансверсалды дағдыларды ұсынады: сын тұрғысынан ойлау, бастаманы қабылдау, мәселелерді шешу, бірлескен жұмыс, Ұлттық мансап қызметі, топтық жұмыс, икемділік, шешім қабылдау, көшбасшылық дағдылар және т.б.

Ал, Business Dictionary - коммуникация, жанжалдарды басқару, адами қарым-қатынас жасау, келіссөздер жүргізу, команда құру сияқты дағдыларды тізімдейді [15].

Біз, өз тарапымыздан болашақ мұғалімдердің практикалық іс-әрекетіне және олардың жұмысқа орналасуына қажетті деп саналатын трансверсалды дағдыларды анықтауға тырыстық.

Білім беру саласында жиі қолданылатын дағдылардың бірі - коммуникативтілік болып табылады, себебі, болашақ мұғалімдер жұмыс барысында тек оқушылармен ғана емес, сонымен қатар, басқа да мамандық иелерімен, ата-аналармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі туындайды.

Трансверсалды дағдылар мұқият ойлауға, әзірлеуге, сондай-ақ инновациялық шешімдерді жүзеге асыру үшін әртүрлі көзқарастардағы идеяларды мұқият ойлауға, зерттеуге және бағалауға көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлауға, инновациялық ойлауға, шығармашылыққа, топпен жұмыс жасауға және өзін-өзі дамытуға бағыттайды [16].

Инновациялық ойлау неғұрлым озық және икемді идеялар мен шешімдерді шығару үшін теориялық білімді әртүрлі технологиялармен біріктіреді. Тапсырмаларды орындау үшін жаңа технологияларды үйрену және қолдану миға шабуыл жасауға және оны меңгеруге көмектеседі. Үздіксіз өзін-өзі бағалау оқу процесінде өзін-өзі бағалау процесін бақылауға, ағымдағы

білімге рефлексия жасауға және басқалардың пікіріне ашық болуға мүмкіндік береді.

Инновациялық ойлау - адамның инновациялық қызметті жүзеге асыру қабілетін білдіретіндігі деп көрсетілген. Бірақ бұл қабілетке тек психикалық операциялар ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттер кіреді, мысалы, инициатива, сыншылдық, рефлексияға бейімділік, жанашылдық пен ынталандыру және т.б. [4].

Болашақ ұстаздардың бойынан табылуы тиіс тағы бір маңызды компонент - өзін-өзі дамыту. Білім беру үдерісінде бұл дағды белгілі мен белгісіздікті айыруға жол бастайды. Сонымен қатар, рефлексия жасау және басқалардың пікіріне ашық болуға мүмкіндік береді.

Топпен ынтымақтасып, болашақ мұғалімдер бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсе алады, осылайша, өздерінің трансверсалды дағдылардың дамытады. Топпен жұмыс жасау барысында болашақ мамандар ұжым алдындаға жауапкершілік пен уақытты басқаруды, шешімдерді құрметтеуді үйренеді [17].

Білім беру жүйесінде сын тұрғысынан ойлау - механикалық есте сақтауды қайталау әрекеттеріне қарама-қарсы келетін, өз бетінше ойлауды дамытуға бағытталған оқыту мен оқыту әдістерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Сыни тұрғысынан ойлауды білім беру саласында да, әлеуметтік салада да мағыналы және жауапты шешімдер қабылдау үшін пайымдауларды қалыптастыру әдісі ретінде түсіндіріледі [18].

Сыни тұрғысынан ойлау – педагогикалық үдеріс барысында ойлауға, өз көзқарасын білдіруге және дәлелдеуге итермелейтін сұрақтар қою арқылы қалыптасатын ойлау тәсілі.

Л.В. Шмелкованың пайымдауынша, тұлғаның басты қасиеттерінің бірі цифрлық технологияларды меңгеруі және оларды кәсіби қызметте ұтымды пайдалана білуі.

Цифрлық сауаттылық – бұл цифрлық технологияларды жауапкершілікпен қолдану дағдысы. Корольдік қоғамның ұсынған анықтамасында, «цифрлық сауаттылық - негізгі дағды немесе компьютерді сенімді, қауіпсіз және тиімді қолдана білу мүмкіндігі, оның ішінде: мәтіндік процессорлар, электрондық пошта және презентациялық бағдарламалар жиынтығын қолдана білуі, суреттер мен аудио жазбаларды және видеоларды өңдеу мүмкіндігі, сонымен қатар Веб - браузерлер мен интернеттегі іздеу қызметтерін қолдана білуден тұрады.

Сонымен қатар, оқыту процесінде оқу материалын дұрыс құрастыру және таңдау трансверсалды дағдыларды меңгертуді жеңілдетеді. Мұғалімдердің оқушы тапсырмаларын тартымды, жеңіл түрде ұсыну қабілеті трансверсалды дағдыларды үйретуді жеңіл және қарапайым ете алады. Сондай-ақ оқыту материалдарын технологияға негізделген және технологияға негізделмеген әртүрлі пішіндер мен формаларда пайдалану жақсы.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден «трансверсалды дағды» ұғымы ғылымның бірнеше саласының мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін көреміз.

Білім – қоғамдағы ең өзекті құндылықтардың бірі. Бұл құндылықтарды дамытудың негізгі шарттарының бірі мамандардың көлденең біліктілігін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта «қоғамға және жеке адамға қандай білім қажет, қандай білім қоғам талабын қанағаттандырады» деген ойды басшылыққа ала отырып, дағдыларды дамыту жетілдірілуде.

Әдебиеттер:

1. Ananiadou, K., & Claro, M. (2009). 21st Century Skills and Competences for New Millennium Learners in OECD Countries. OECD Education Working Papers, No. 41. Paris: OECD Publishing.
2. Monica Tilea, Oana-Adriana Duță, Jón Freyr Johansson, Patrick Murphy (editors). Transversal Skills Development in Modern Teaching Practice A Good Practice Guid. Romania. <http://proiecte.ucv.ro/transmod/>
3. Andreia Antunes Moura, Maria do Rosário Campos Mira, Vânia Natércia Costa Handbook of Research on Human Capital and People Management in the Tourism Industry, p.41-72 ,
4. The-Future-is-Now-Transversal-Skills-in-Latin-America-and-the-Caribbean-in-the-21st-Century.pdf, 20p
5. Angela Bailey ,Nayibe Rosado, Lourdes Rey Handbook of Research on Program Development and Assessment Methodologies in K-20 Education Copyright: © 2018 |Pages: 22 DOI: 10.4018/978-1-5225-3132-6.ch005 87-108 (pages 87-108)
6. Izzy Crawford Developments in Virtual Learning Environments and the Global Workplace Copyright: © 2021 |DOI: 10.4018/978-1-7998-7331-0.ch010 178-204 (pages 178-204)
7. Monika Fischer, Tamás Halm, Tibor Koltay. Cases on Research Support Services in Academic Libraries DOI: 10.4018/978-1-7998-4546-1.ch005,(pages 99-120)
8. Roberto Pierdicca,, Emanuele Frontoni, ,Maria Paola Puggioni,, Eva Savina Malinverni, Marina Paolanti Virtual and Augmented Reality in Education, Art, and Museums, DOI: 10.4018/978-1-7998-1796-3.ch012, (pages 229-261)
9. CEDEFOP, 2013 <https://www.cedefop.europa.eu/en/news/cedefop-2013-skill-supply-and-demand-forecasts-now-online-new-data-help-policy>
10. Naiser, V. (1976). Cognition and Reality. San Francisco
11. Rey, B. (1996). Les competences transversals en question. Paris: ESF.
12. Merdzanova, Y. (2005). Multisensory principle in education and in life. Sofia. <https://ciencias.ulisboa.pt/sites/default/files/fcul/formacao/Briefing-paper-on-Transversal-Skills-Erasmus-e-VISKA-Visible-skills-of-adults.pdf>
13. UNESCO (Bangkok) 2014, Asia Pacific <https://bangkok.unesco.org/content/assessment-transversal-competencies-policy-and-practice-asia-pacific-region>
14. Minchev, B. (1991). Situations and skills. Sofia: Kl. Ohridski
15. European Scientific Journal January 2016 edition vol.12, No.1 ISSN: 1857 – 7881 (Print) e - ISSN 1857- 7431,131 б
16. Жуков Г.Н. Общая и профессиональная педагогика. М.:Инфра-М. 2017. - 248 с.

17. Кравченко А. Психология и педагогика. М.: Проспект, 2019. -400 с.
18. Rubene, Z., Svece, A. (2018). Kritiskā domāšana. Izglītība, medijpratība, spriestspēja, [Critical Thinking. Education, Media-Literacy, Reason] M. Kūles zin. redakcija LU, SIA“Latgales druka” 2. daļa, 13. lpp. Iegūts no https://dspace.lu.lv/dspace/bitstream/handle/7/45982/Euro_Kritiska_domasanas.pdf?squence=1&isAllowed=y

ӘӨЖ 15.21.41

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПЕРФЕКЦИОНИСТІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

Асылбекова Марзия Пазиловна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі;

Қасымбекова Гаухар Қоккозьевна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
8D01103 – «Педагогика және психология» ББ докторанты

Перфекционизм ұғымы Еуропада өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп, перфекционизм тұлғаның басымдылыққа ұмтылу бағытындағы мінез-құлық көріністері, деп қарастырылған. Ғасырлар бойы жетілуге деген ұмтылыс идеясы тек бір адамның өмірінде ғана емес, бүкіл қоғамда қозғаушы күштердің бірі болып салады.

Бүгінгі таңда перфекционизм мәселесі кеңінен зерттелген жоқ, бірақ зерттеушілер үшін клиникалық-психологиялық маңызы ғана емес, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және мәдени маңызы бойынша ғалымдардың қызығушылықтарын арттыруда [1.17-23].

Перфекционизмнің жағымды және жағымсыз салдары зерттелініп, оның екі жақтылыққа ие екендігі бойынша көзқарастар да бар. Жасерекшеліктеріне байланысты студенттерде жоғарғы күйзелістік қысымдар мен эмоционалды бұзылулардың дамуы мүмкін және бейімделулеріне кедергі жасайды, деп қарастырғандар: Е.Д.Красик, Е.А.Крюков, Т.Л.Крюкова, Б.С.Положий, Г.И.Семикин және т.б. А.Б.Холмогорованың жүргізген зерттеулер нәтижесінде, 20–30% студент жастардың бейімделулері төменгі деңгейде екендігін анықтап: студенттік өмірдің сапасы мен кәсіби оқу әрекетіне жағымсыз тұрығанда әсер етіп кейбіреулерін тіпті суицидтік мінез-құлықтарға әкелуі ықтимал, деп қарастырған ғалымдар: Н.Г.Гаранян, Я.Г. Евдокимова, М.В. Москова, Г.И. Семикин, А.Б.Холмогорова және т.с.с. [1; 3-9].

Жоғарғы оқу орны студенттерінің мазасыздықтары мен депрессия күйлері, күйзеліске қарсы тұра алу қабілеттерінің төмендеуі бойынша: Н.Г.Гаранян, Д.А. Горшкова, В.В. Краснова, А.М. Мельник, А.Б.Холмогорова қарастырған. Шетел ғалымдарының (С. Chang, G.L. Flett, R. Frost, P.L. Hewitt.) және кеңес одағы мен Ресей ғалымдарының (Н.Г. Гаранян, Я.Г. Евдокимова, М.В. Москова, А.Б. Холмогорова) еңбектерінде дисфункционалды тұлғалық сипаттамаларында студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейлерінің